«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТАВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

030010, Актөбекаласы, Әбілқайыр-хан даңғылы, 40, 030010, город Актобе,пр. Абылхаир-хана, 40 тел./факс /7132/ 54-69-50

2019 жылғы «25» қыркүйек «_____»_____20___г.

№ 10-08/ №2627

«ОРАЗБАЙ - 2005» ЖШС-і

Ақтөбе облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментімен Сіздің 13.09.2019ж. шағым хатта көрсетілген желеулер шеңберінде №3579554-1 «Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Жарлы ауылішілік газ құбырының құрылысы» инжинирингтік қызмет» ашық конкурсына камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесінде шағым желеулері расталмады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 11.12.2015ж. №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағиданың» 157-тармағына сәйкес, егер әлеуетті өнім берушіде сапа менеджменті жүйесінің ұлттық немесе халықаралық стандартқа сәйкестігін растайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынылған тауарларды өндірушіге, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді орындаушыға сертификаттау жөніндегі органдар, аккредиттеу жөніндегі аккредиттелген орган немесе Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын аккредиттеу жөніндегі халықаралық ұйымдар берген құжат болған кезде, конкурстық комиссия екі пайыз (2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасымен әлеуетті өнім берушіде ұлттық немесе халықаралық стандартқа сапа менеджменті жүйесінің сәйкестігін растайтын құжатпен бірге аккредиттеу жөніндегі органның аттестаты қоса берілу талабы қойылмаған.

Сәйкесінше, конкурстық комиссияның шешімімен сапа менеджменті жүйесіне сәйкестік сертификаттарын ұсынған әлеуетті өнім беруші «Актам - инжиниринг» ЖШС-не тиісті шартты жеңілдіктер негізді есептелген.

Ескеру қажет, камералдық бақылау жүргізу Қағидасының 19-тармағы екінші абзацына сәйкес камералдық бақылау жүргізілді.

Сонымен қатар, ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47-бабы 6-тармағына (бұдан әрі - Заң) сәйкес қабылданған Департаменттің жауабымен келіспеген жағдайда, ҚР «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 14 бабына сәйкес жоғары тұрған

растайтын құжатпен бірге аккредиттеу жөніндегі органның аттестаты қоса

органға немесе сотқа шағымдануға құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Бұл ретте, Заңның 47-бабы 9-тармағына сәйкес сотқа дейінгі даудамайларды реттеу міндетті болып табылады.

Департамент басшысының
орынбасары **Жұмабаев К.Е.**

Орн. Нуртазин Т.Е.
8/7132/54-41-76